

Сауле Тютөбаева

Гүлдана Мұхтарбекқызы

# SUPER-MEN

1-кітап

**Барлық қызық ауылда**

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап  
Алматы, 2021

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

Ж 86

**Тютебаева Сауле, Мұхтарбекқызы Гүлдана**

**Super – Мен. 1-кітап Барлық қызық ауылда:** Балаларға арналған әңгімелер. / Тютебаева Сауле, Мұхтарбекқызы Гүлдана. - Алматы: Астана-кітап, 2021.-44 б.

Мансұр жазғы демалысқа әлемдегі ең әдемі жер - ауылға баратын болды. Бұл саяхат Мансұрға туған жердің сұлулығын, салт-дәстүрдің мәні мен туыстардың жылы құшағын таныстырды. Ауыл өмірі Мансұрға тағы несімен ұнады? Бірге оқиық.

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-58-6

© IZDEN publishing house, 2021

© Астана-кітап, 2021

## Мазмұны

Қызықты тапсырма .....	6
Қайда барамыз? .....	8
Ақылдасу .....	9
Дүкенге кім барады? .....	11
Не сыйлаймын? .....	12
Қоқыс тауы .....	13
Ауылға қош келдің! .....	15
Ғажайып сөз .....	18
Қарным ашты .....	19
Супер-тағам .....	20
Жақсы тілек .....	22
Судағы қауіпсіздік .....	23
Еңбегің – ермегің .....	26
Бақша .....	27
Арамшөп .....	29
Қолды не үшін жуамыз? .....	30
Тәжірибе .....	31
Қалдықсыз өмір .....	32
Қойшы бала .....	33
Көкпар .....	36
Ең асыл жануар .....	37
Атамның батасы .....	38
Суперменнің сипаты .....	39
Тапсырмалар .....	42

## **Құрметті ата-аналар!**

Баланың тұлға болып қалыптасуы үшін не істеуіміз керек? Бұл сұрақ әрбір ата-ананы алаңдататыны рас. Ата-ана баласының бойындағы қабілеттерді анықтап, дамытуы оның қоғамда өз орнын табуына әсерін тигізеді. Балалық шақта бойына сіңген жақсылықтың дәні болашақта өз жемісін берері сөзсіз. Қолыңыздағы кітаптың да көздегені – ата-ана мен баланы осындай асыл мақсатқа біріктіру.

Бұл кітапта отандық педагог-психологтардың, дәрігерлердің бала тәрбиесі мен саламатты дамуына қатысты ақыл-кеңестері шағын әңгімелерде топтастырылды. Кітапты балалар да, ересектер де оқи алады. Балалар өзі сияқты кішкентай кейіпкерлердің қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмірінен сабақ алса, ата-аналар сарапшылардың ұсыныстарымен танысып, өз тәжірибесінде қолдануына болады. Ата-ана мен бала кітапты бірге оқып, талқыласа, пайдалы қорытынды шығарады.

# Барлық қызық ауылда



## Қызықты тапсырма

Бүгін оқу жылының соңғы күні. Барлық оқушы қолындағы гүл шоғын ұстаздарына табыстап, жүздері бал-бұл жайнап тұр. Салтанатты жиын біткен соң оқушылар сыныпқа жиналды. Олардың сынып жетекшісі Қымбат апайға «сау болыңыз» айтып, бір-біріне сәттілік тілейтін уақыты келген еді.

Сол кезде Мансұр сыныптасы Алдиярға:

– Сабақтың біткеніне сенер емеспін, енді армансыз ойнап, демалатын болдық, – деді.

Алдияр да оның сөзіне қосылып:

– Иә, демалыс деген керемет қой, – деді.

Қымбат апай балалардың әңгімесін естіген соң:

– Балалар, оқу жылының бітуі құтты болсын! Дегенмен, сөздеріңе қарасам, тек ойнап, демалуды ғана жоспарлайтын сияқтысыңдар. Ал оқып үйрену, білім алу ешқашан тоқтамайды. Сол үшін мен сендерге осы демалыс кезінде жасайтын бір тапсырма бергім келеді.

– Сонда қалай, апай? Тағы да тапсырма бересіз бе?, – деп балалар жан-жақтан жамырай бастады.

– Балалар, жаз мезгілі – жаңалықтар ашатын уақыт. Сондықтан осы демалыста өздерің үшін жаңалық ашыңдар! Бар тапсырмам осы, – деп жымыды Қымбат апай.

Ұстазының ерекше тапсырмасы балаларды қатты қызықтырды. Мансұр да өзі үшін жаңалық ашуға сөз беріп, үйіне қайтты.

